

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ**  
**ТАЛАПКЕР 2024**

**✓ ДОКТОРАНТУРА**

- D022 - МУЗЫКАТАНУ**
- 8D02109 - «МУЗЫКАТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАГА ТҮСУШІЛЕР ҮШІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРГА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Университеттің докторантурасындағы білімнен көсіп оқу бағдарламасы бойынша жоғарғы білім алған тұлғалар қабылданады. Магистратура және докторантурасының бағыттары сәйкес келсе ғана докторантурасындағы білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізіледі.

Докторантурасындағы түсуге үміткерлер келесі шығармашылық қабылдау емтихандарын тапсырады: ғылыми жұмыстың рефератын қорғау және кешенді емтихан (билеттер бойынша).

Ғылыми жұмыстың рефератын қорғау бойынша емтихан келесі тәртіпте өткізіледі: реферат авторы зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін, зерттелу деңгейін, жұмыста қарастырылатын ғылыми мәселелерді бағамдау барысында қолданылған зерттеу тәсілдері мен ғылыми тұжырымдарын түсіндіріп, емтихан қабылдаушы оқытушылардың реферат тақырыбы бойынша қойған сұрақтарына жауап беруі тиіс.

Кешенді емтиханда үміткер «Жоғары мектеп педагогикасы» және «Музыкатаңа әдістемесі» пәндері бойынша билеттің үш сұрағына жауап береді. Докторантурасындағы түсуге үміткер емтихан кезінде өзінің жоғары білім деңгейін, пәндердің терминологиялық және тұжырымдамалық аппаратын қолдана алғынын, өнердің дамуының теориялық зандалықтарынан хабардар екенін көрсете білуі керек.

**ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСЫНЫҢ РЕФЕРАТЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:**

1. Реферат талапкердің қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жеке және өз бетінше орындаған еңбекі болуы тиіс.

2. Рефераттың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі керек.
3. Рефераттың көлемі – 22-30 бет.
4. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:
  - титулдық бет;
  - *кіріспе* (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңалықтары, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
  - *реферат мазмұны* (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
  - қорытынды;
  - қолданылған әдебиеттер тізімі.
5. Рефераттың рәсімделуі:

Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;  
интервал – бір;  
Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, солға – 3 см, онға – 1,5 см.;  
Абзац шегінісі – 1 см.
6. Білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми дәрежесі бар мамандардың (ғылым докторы немесе кандидат, Phd докторы) реферат туралы жазған **1 пікір** болуы тиіс. Пікір білдірушілердің жұмыс орнынан расталуы керек.